- Қаңылтыр табаны, ыдысты немесе алюминий фольганы духовканың өзіне тікелей қоюға болмайды. Қызып кеткен кезде духовканың негізіне зиян келтіреді.
- Желдеткіш каналдарды жаппаңыз.
- Пайдалану кезінде құрал ыстық болуы мүмкін. Ыстық бөліктеріне, духовканың ішкі бөліктеріне, қыздырғыш элементтеріне және тағы басқаларға жақындамаңыз.
- Тамақты қызып тұрған духовкаға орналастырған кезде, тамақты немесе басқаларды алып шыққан кезде әрдайым духовкаға арналған қолғапты пайдаланыңыз.

- Алдыңғы қақпағы шешілген немесе сынған құралды пайдаланбаңыз.
- Құралмен жұмыс істеу кезінде артқы жақ беті де қызып кетеді. Электр жалғауларының бүлініп қалу қаупі болуы себепті артқы жағына тиісуге болмайды.
- Духовканың есігінің жалғағыш кабельдерін қысып тастамаңыз және олар ысып кететін сыртқы беттермен өтпеуін қадағалаңыз. Кабельдің бүлінуі духовканың қысқа тұйықталуынан тұтануды туындатуы, сондай-ақ өрттің шығуына себеп болуы мүмкін.
- Әрбір пайдаланғаннан кейін құралдың ажыратылғандығына көз жеткізіңіз.
- Құрал және оның ашық тетіктері пайдалану кезінде қызып кетеді.
- Жұмыс істеп тұрған құралға жақындамаңыз.
- Құралдың ішкі бөліктерін және оның әйнектерін тазалау үшін өткір және кесіп кететін заттарды пайдаланбаңыз, өйткені олар құралды бүлдіріп тастаулары мүмкін.
- Қатты қызып кеткен май өртке себеп болуы мүмкін болғандықтан, құралды ол жұмыс істеп тұрған кезде қараусыз қалдырмаңыз.
- Байқаусызда өрт шыға қалған жағдайда оны су құйып өшіруге талпынбаңыз. Құралды тез арада тоқтан ажыратыңыз да ыстық бөлігін суланған көрпемен жаба қойыңыз.
- Құралдың ішіне ешқашан да жанғыш немесе улы заттарды орналастырмаңыз.
- Бу бөлгішті пайдаланбаңыз.
- Духовканың есігін (әйнегін) тазалау үшін оның сыртқы бетін бүлдіріп тастауы және әйнекке сызат түсіруге себеп болуы мүмкін болатын түкті тазалағыш заттарды немесе өткір металл қырғыштарды пайдаланбаңыз.
- НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Духовканың шамын ауыстырардың алдында электро тоғы соғып кету қаупін тындатпау үшін, электр жалғауларын өшіру және құрал суығанға дейін тоса тұру керек.
- Духовканың 1-ші сөресі – ең төменгі сөре.
- Құралды целлофанға, сондай-ақ тұтанғыш және термотөзімділігі жоқ материалдарға орналастырмаңыз.

Балаларға арналған қауіпсіздік



Пайдалану кезінде құралдың ашық бөліктері қызып кетеді, құралға ол әбден суығанға дейін балаларды жақындатуға болмайды.

- НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: Торларды пайдалану кезінде оның қолдетімді жерлері қызып кетеді. Кішкентай балаларды құралға жақындатпаған жөн.
- Жасы 8 –ге толмаған балаларды ересектердің бақылауынсыз құралға жақындатуға болмайды.
- Аталмыш құралды жасы 8-ден асқан және/немесе дене және ойлау қабілеттіліктерінде кемістіктері бар тұлғаларға, олар затты пайдалану әдістеріне үйретілген және қауіптіліктер туралы хабардар етілген кезде ғана пайдалануға рұқсат етуге болады.
- Балалардың құралмен ойнауларына тыйым салынады. Балаларға ересектердің бақылауынсыз құралды тазалауға және күтіп жасауларына болмайды.
- Орамдау материалдары алалар үшін қауіп төндіруі мүмкін. Орамдау материалдарын балалардың қолдары жетпейтін орындарда сақтаңыздар немесе талаптарға сәйкес сұрыптай отырып қоқысқа лақтырып тастаңыздар.

- Есіктері ашық тұрған кезде үстіне ауыр заттар қоймаңыздар және балаларға оның есігіне отыруға рұқсат етпеңіздер. Духовка аунап кетуі немесе есігінің баулары бүлініп қалуы мүмкін.

Электр жұмыстары кезіндегі қауіпсіздік

- Электр жабдықтарымен және жүйелерімен жұмыстардың барлық түрлерін құзыретті және білікті тұлғалар орындайды.
- Аталмыш құрал қашықтықтан бақылауға арналмаған.
- Қандай да бір ақаулықтары болған кезде құралды өшіріңіз және оны тоқ көзінен ажыратыңыз . Ол үшін сіздің пәтеріңіздің/үйіңіздің сақтандырғышын ажыратып тастаңыз.
- Сақтандырғыштың тоғы құралдың тоғына сәйкес келетіндігіне көз жеткізіңіз.

Пайдалану мақсаты

Аталмыш құрал үйде пайдалануға арналған. Осы құралды коммерциялық мақсаттарға пайдалануға жол берілмейді. «НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: аталмыш құрал тамақ дайындау үшін ғана пайдаланылуы тиіс. Құралды басқа мақсаттарға, мысалы үйді жылытуға пайдалануға тыйым салынады»

Осы құрал тордың астына тәрелкелерді қойып кептіруге, орамалдар мен киімдерді кептіру немесе жылытуға немесе тұтқаларына киімдерді іліп кептіруге арналмаған.

Өндіруші дұрыс пайдаланбау немесе дұрыс тасымалдамау себепті келтірілген шығындар үшін жауапты болмайды. Духовка тамақты жібітуге, пісіруге, қыруға немесе грильде дайындауға пайдаланылуы мүмкін .

Сіз сатып алған құралдың қызмет ету мерзімі – 10 жыл. Осы мерзімнің ішінде өндіруші құралдың сипатталған жұмысы үшін талап етілетін қажетті қосалқы бөлшектерді сақтап қояды.

3) Орнату

Құралды пайдаланардың алдында

- Электрлік және/немесе газ жабдықтардың жарамды екендігіне көз жеткізіңіз. Сәйкессіздік анықталған жағдайда электрикті және слесарьді шақыртыңыз да, қажетті жөндеулерді орындаңыз.
- Құралды орнатуға арналған орынды дайындау, сондай-ақ электрлік және/немесе газ жабдықтарды дайындау Сатып алушының міндеті болып табылады.
- Құралды орнату кезінде электрге және/немесе газға қатысты жергілікті стандарттарда көрсетілген ережелерді сақтау қажет.
- Құралды орнатардан бұрын оның бүлінбегендігіне көз жеткізіңіз. Құралда ақаулар болса оны орнатуды орындамаңыз.
- Ақаулы құралдар сіздің қауіпсіздігіңізге катер төндіреді.
- Газ жабдықпен және жүйелермен жүргізілетін жұмыстардың барлық түрлерінқұзыретті және білікті тұлғалар орындайды.
- Құралдарда жанған газдың сыртқа шығып кету жүйесі жоқ. Құрал оны орнату жөніндегі қолданыстағы нұсқаулықтарға сәйкес орнатылуы және жалғануы тиіс.
- Желдету талаптарына ерекше көңіл аударған жөн.

- Жану үшін қажетті ауа бөлмедегі ауадан алынады, түзілген газдар бөлмеге бірден түседі.
- Құралдың сенімді жұмыс істеуі үшін үй-жайдың жақсы желдеткіші болуы қажет. Бөлмені желдету үшін қажетті қандай да бір терезе немесе есік болмаған жағдайда қосымша желдеткіш орнату керек.
- Асүйдің еденінің аумағы 8 м2 артық болуы тиіс.
- Асүйдің көлемі должен 20 м3 артық болуы тиіс.
- Құбырдың сыртқа шығып тұруы еденнен 1,80 м биіктікте, жалпақтығы 150 мм болуы қажет.
- Желдеткіш тор асүйдің еденіне жақын орналасуы тиіс, оның ең аз аумағының көлемі 75 см^2 тең болуы тиіс.







Орнату және жалғаулар

- Материалдық шығын! Құралды тасымалдау немесе жылжытуға арналған есікті және/немесе тұтқаны пайдаланбаңыз. Құралды тасымалдау үшін кемінде екі адам болуы керек.

Құралды орнату



Электрлік духовка

Газбен істейтін духовка

Маңызды!

- Газ тарату желілеріне қосылған аспаптарды қосуды, жөндеуді, техникалық қызмет көрсетуді белгіленген тәртіппен жұмыстарды орындауға рұқсат алған мамандандырылған ұйым ғана көрсетуге құқылы.

- Газ үрмелі шкаф аспапты алдын ала қарастырылған желдету жүйесі бар ас үйдің пеналына орнатылады. Желдету тесіктерінің қажетті өлшемдері осы Нұсқаулықта көрсетілген. Өндіруші зауыт қажетті желдету тесіктері бар ас үйіңізді шығарғанына көз жеткізіңіз. Болмауы аспаптың қызып кетуіне және термореттегіштердің, температура датчиктерінің, басқару блогының істен шығуына әкеп соғады.
- Кухня должна быть изготовлена из материалов, которые предполагают монтаж приборов подключаемым к газораспределительным сетям (требования к материалам указаны в местных нормативных документах)
- Плиталар мен үрмелі шкафтардың әртүрлі бөліктерін қоршаған ортаға қатысты барынша рұқсат етілген қыздыру 60 градустан жоғары болмауы тиіс (үй-жайдағы температура +25 градус болғанда, аспаптың бөліктерін қыздыру 85 градустан жоғары болмауы тиіс).



Кіріктірілген плитаны ол орнатылғанға дейін пайдаланбаңыз. Монтаждауға арналған пластик тетіктері мен бұрандалары құралдың ішінде орналасқан.



Электрлі жалғаулар

- **Құралды жерге қосылған желімен бірге пайдалану қажет!**

  Өндіруші-фирма жерге қосусыз желіні пайдаланған жағдайда келтірілген шығындар үшін жауапты болмайды.
- Кәсіби біліктілігі жоқ мамандардың құралды орнатуы электр тоғына соғылуға, қысқа тұйықталудың болуына немесе өрттің шығуына себеп болуы мүмкін !
- Құралды желілік тоқпен жалғауды құзыретті және білікті тұлға орындауы мүмкін, кепілдік мерзімі тек орнатылғаннан кейін ғана басталады.
- Дұрыс жұмыс істемейтін кабель тоқ соғуын, қысқа түйісуды немесе өрттің шығуын туындатуы мүмкін!
- Электр кабельді қысуға, жинап қоюға немесе бұрауға, сондай-ақ құралдың ыстық бөліктеріне қол тигізуге болмайды. Кабелі бүлініп қалған жағдайда оны білікті маман ауыстыруы тиіс.

  Осы тоқ қуаты құралдың типтік затбелгісіндегі деректерге сәйкес келуі тиіс . Типтік затбелгі құралдың артқы жағында орналасқан.

  Құралдың жалғағыш кабелі техникалық сипаттамаларға және энергия тұтынуға сәйкес келуі тиіс;
- Электр тоғымен соғылу қаупі бар! Электр жабдықтармен кез-келген жұмыстарды орындаудың алдында құралды тоқ көзінен ажыратыңыз.

Газ жалғаулары

- Газ жабдығымен және жүйелерімен барлық жұмыс түрлерін құзыретті және білікті тұлғалар орындайды.

  Орнатардың алдында жергілікті бөлу шарттары газдың типі мен газдың қысымы) құралдың баптауларына сәйкес келетіндіген тексеріңіз.

Сұйылтылған газдың жалғаулары

- Пайдаланылатын газ құбырішектері мен босату клапанының қауіпсіздігіне көз жеткізіңіз. Өтетін газ құбырішегін духовканың артқы жағындағы құбыршекке кигізіңіз де, болат қысқыштың және ұғарыштың көмегімен қысып. (6-сурет). Жалғаулардың беріктігіне көз жеткізіңіз.
- Газ құбырішегінің ұзындығы 1500 мм аспауы тиіс.
- Сұйылтылған газға арналған клапан 300 mmSS қысымына төзімді және сертификатталған болуы тиіс

- **Газ өткізілетін құбыршек духовканың артқы жағындағы ыстық аумақ арқылы өтпеуі тиіс. Газ жүретін құбырішектің 90 °С-тан аспауы тиіс.**

Пайдаланардың алдында жүйеде газдың шығып тұрмағандығына көз жеткізіңіз.



Рисунок 6

Табиғи газды жалғау

Рисунок 7



Егер сіздің құралыңыз табиғи газбен жұмыс істеуге арналған болса, жалғауларды орындау үшін табиғи газбен жұмыс істеуге жауапты фирмаға жүгініңіз. Табиғи газды құралға жалғау – 1/2. Егер сіз өзіңіздің сұйылтылған газы бар құралыңызды табиғи газға аударғыңыз келсе, немесе кері бағытта ауыстырғыңыз келсе жақын маңдағы сервиске жүгініңіз.

Газдың шығып кетпеуіне тексеру:

Газдың клапанын немесе табиғи газдың клапанын ашыңыз да жалғанған жеріне сабынды көпіршікті жағыңыз, сіз осылайша газдың шығып кетуі жоқ екендігіне көз жеткізесіз .

Жалынмен тексеруге тыйым салынады.

Соңғы тексеру

1. Электр кабельді розеткаға қосыңыз да, құралдың сақтандырғышын іске қосыңыз.
2. Құралдың қызметін тексеріңіз.

Өнімді кәдеге жарату
Орамдауды кәдеге жарату

Орамдау материалдары балалар үшін қауіпті. Орамдау материалдарын балалардың қолдары жетпейтін жерде сақтаңыздар.

Орамдау материалдары екінші рет қайта өңдеуге жататын материалдардан дайындалған. Қоқысты нұсқаулыққа сәйкес сұрыптаңыз да лақтырып тастаңыз. Әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмаңыз.

Болашақта тасымалдау рәсімі

- Бастапқы қорабын сақтап қойыңыз және құралды осы қорапқа салып тасымалдаңыз. Қорапта көрсетілген нұсқаулықтарды сақтаңыз. Бастапқы қорабы болмаған жағдайда құралды көпіршікті үлдірге немесе жуан картонға ораңыз да скотчпен қатты тартып тастаңыз.
- Духовканың есігі тормен немесе қаңылтыр табамен бүлініп қалуын болдырмау үшін, духовканың есігінің ішкі жағынан тиісті деңгейде картон таспа бекітіледі. Духовканың есігін бүйірдегі қабырғаларына скотчпен бекітіп тастаңыз.
- Басын және кастрюльге арналған таяныштарын скотчпен мықтап бекітіңіз.
- Есігін немесе тұтқасын тасымалдауға немесе орындарын ауыстырып қоюға пайдаланбаңыз.
- Құралдың үстіңгі жағына басқа заттарды қоймаңыз.
- Құралды тігінен тасымалдау қажет.
- Құралдың сыртқы түрін тасымалдау кезінде қандай да бір бүлінулердің болмауына тексеріңіз.

Ескі өнімді кәдеге асыру

- Ескі құралды, қоршаған ортаға зиян келтірмейтіндей етіп лақтырып тастаңыз.
- Бұл құралда (WEEE) белгісі бар, ол электрлі және электрондық құралдарды жеке-жеке лақтыру қажет екендігін көрсетеді. Бұл 2002/96/EC АВ Директивасына сәйкес осы құрал қайта өңдеуге немесе қоршаған ортаға келтіретін зиянын азайту мақсатында бөлшектерге бөліп тастауға болатындығын білдіреді. Барынша жан-жақты ақпаратты алу үшін жергілікті және аудандық инстанцияларға жүгініңіз.
- Кәдеге жарату үшін бақылап отырып жинақтау қолданылмайтын электрондық құралдардың қоршаған ортаға да, сондай-ақ құрамында зиянды заттардың болуы себепті адамның өміріне де қауіп төндіруі мүмкін.
- Өнімді кәдеге асыру тәсілдері туралы ақпаратты сіз құзыретті сатушыдан немесе сіздің қалалық әкімшіліктің қалдық жинақтайтын орталығынан алуыңызға болады.
- Құралды лақтырмас бұрын, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін электрлі ашасын кесіп тастаңыз және қақпағындағы құлыпты сындырыңыз (егер бар болса).

4) Алдын-ала дайындау

Энергия үнемдеу

Төменде келтірілген мәліметтер сіздің экологияға қамқорлық ете отырып және энергияны үнемдеу отырып осы құралды пайдалануыңызға көмектеседі.

- Тамақты духовкада дайындау кезінде жылу өткізгіштігі жақсы, қоңырқай түсті немесе сыртында эмаль жабыны бар ыдысты пайдаланыңыз.
- Егер рецепте немесе пайдалану жөніндегі нұсқаулықтағы кестеде алдын-ала қыздыру көрсетіліп тұрған болса, духовканы алдымен қыздырып алыңыз.
- Тағам дайындап жатқан кезде духовканың есігін жиі аша бермеуге тырысыңыз.
- Духовкада бірнеше тағамды бір мезгілде әзірлеуге тырысыңыз. Сіз тордың үстіне бір мезгілде бірнеше ыдысты орналастыра аласыз.
- Бірнеше тағамды бірінің артынан бірін дайындаңыз. Осылайша духовканың жылуы жоғалмайтын болады.

- Духовканы тағам дайын болардан бірнеше минут бұрын өшіріңіз. Мұндай жағдайда духовканың есігін ашпаңыз.
- Тамақты дайындар алдында жібітіп алыңыз.

Алғашқы пайдалану
Алғашқы тазалау

- Кейбір ұнтақтар немесе тазалағыш құралдар үстіңгі бетін бүлдіріп тастауы мүмкін.

1. Барлық орамдау материалдарын алып тастаңыз.
2. Құралдың сыртқы бетін құрғақ шүберекпен немесе ысқышпен сүртіп алыңыз, одан соң құрғақ шүберектің көмегімен кептіріп құрғатыңыз.

Алғашқы қыздыру

- Құралды мөлшермен 15 минут бойы қыздырыңыз да, одан соң ажыратып тастаңыз. Осылашы мүмкін болған өндірістік ластанулар және қабаттар қызып кетеді де, құралдың таза болуына қамтамасыз ететін болады.
- Ыстық сыртқы беттер қолыңызды күйдіріп кетуі мүмкін! Духовканың ыстық бөлшектеріне қолыңызды тигізбеңіз. Балалардың құралға жақындауларына жол бермеңіз және духовкаға арналған қолғапты пайдаланыңыз.

Электрлі духовка

1. Барлық бекіткіштерін және торларын духовкадан алып шығыңыз.
2. Духовканың қақпағын жабыңыз.
3. Статикалық жағдайын таңдаңыз.
4. Ең жоғарғы температураны таңдаңыз, Электрлі духовканы пайдалануды қараңыз,
5. Мөлшермен 30 минутқа қосып қойыңыз.
6. Духовканы өшіріңіз, Электрлі духовканы пайдалануды қараңыз, алғаш қыздырған кезде иіс және түтін шығады. Жақсылап желдетілуін қамтамасыз етіңіз.

5) Духовканы пайдалану

- Духовкада тамақ дайындау, қуыру және гриль дайындау туралы жалпы мәліметтер.
- Ыстық буға күйіп қалу қауіптілігі. Духовканың есігін мұқият ашыңыз, өйткен буға күйіп қалу қаупі бар.

Духовкада тамақ дайындау жөніндегі кеңестер

- Күйіп қалуға қарсы жабынды, ыңғайлы металл немесе алюминий ыдыстарды, сондай-ақ қызуға төзімді силикон ыдыстарды пайдаланыңыз.
- Торлардың сыртқы беттерін барынша тиімді пайдаланыңыз.
- Пісіруге арналған ыдысты духовканың торының ортасына орналастырыңыз.
- Духовканы немесе грильді қосардан бұрын дұрыс сөрені таңдап алыңыз. Ыстық духовканың ішіндегі сөрені ауыстырмаңыз.
- Духовканың есігін жабық күйде ұстаңыз.

Қуыруға арналған кеңестер

- Тұтастай тауықты, индейканы және еттің үлкен бір бөлшегін дайындау кезінде лимонмен немесе қара бұрышпен мринадтап жіберуге кеңес беріледі.
- Сүйектерімен бірге қуыру әдісімен дайындау, дәл осындай әдіспен сүйексіз дайындағанға қарағанда 15–30 минут артық уақытты алады.
- Еттің қалыңдығы бойынша әрбір сантиметрін дайындау уақыты 4–5 минутты құрайды.
- Дайындау уақыты аяқталғаннан соң етті мөлшермен 10 минуттай духовкада қалдырыңыз. Еттің сөлі қуырылған еттің үстінде жақсы жайылады және етті кескен кезде ағып кетпейді.
- Балық духовкаға қуырып-булауға арналған ыдыста ортаңғы немесе төменгі сөреге орналастырылады.

Грильді пайдалану жөніндегі кеңестер

Грильде қызыл етті, балықты және үй құсының етін дайындау кезінде ол бірден қоңыр түске енеді, сыртқы қабығы әдемі болып және кеуіп кетпейді. Кесек сүбе ет, кәуаптың еті және сосиск/ суджук, сондай-ақ құрамында су көп болатын көкөністер (мысалы, қызанақ, пияз) грильмен дайындау үшін өте қолайлы.

- Грильде дайындауға арналған кесек еттерді торға немесе торлы қаңылтыр табаққа, олар қыздырғыштың сыртына шығып кетпейтіндей етіп орналастырыңыз.
- Торды немесе торлы қаңылтыр табақты духовкада өзіңіз қалаған деңгейге орнатыңыз.
- Қаңылтыр табаққа аздап су құйыңыз, ол оны артынан тазалауды жеңілдетеді.

Гриль үшін қолайлы емес өнімдерді дайындау кезіндегі өрт қауіптілігі

Грильде тек осыған дайындауға жарайтын өнімдерді ғана дайындаңыз.

Өнімдерді грильдің артқы жағына жақын орналастырмаңыз. Бұл ең ыстық орын және майлы өнімдер күйіп кетуі мүмкін.

Электрлі духовканы басқару панелі





Газ + электр духовканы пайдалану



Газ духовкасын пайдалану панелі



1 Электрлі температураны реттегіш
2 Электр қызметін реттегіш
3 Таймер
4 Түймешеден басып жағу символы
5 Электрлі қыздырғыштың түймешесі
6 Газды термостаты бар духовканың түймешесі
7 Газды духовканың түймешесі
8 Сенсорлық сағат

Газды духовканы пайдалану

Басқару панеліндегі реттегішке оның жағдайын білдіретін белгілер енгізілген.



8-сурет



9-сурет



10-сурет

1- Газды духовканың реттегішіне басып тұрып, оны сағат тіліне қарсы бағытқа бұрыңыз және оны қатты жалын және/немесе панельдегі жоғары температура позициясына келтіріңіз.

2- Егер, 10-суретте көрсетілгендей духовканың реттегіші жоғарғы қыздырғышты басқаратын болса, реттегішке басып оны сағат тілі бойынша «гриль» жағдайына немесе жалынның белгісіне әкеліңіз.

3- Сіздің духовкаңыздың жағдайына байланысты, тұтандырғышты жағыңыз.

Қолмен тұтандыруға арналған қуыс



Духовкаға арналған бүріккіш және қуаттылық кестес		
Қыздырғыш	Сұйылтылған көмірсутекті газдың бүріккіші	Табиғи газдың бүріккіші
Үстіңгі қыздырғышы	Ø 0,70	Ø 0,92
Астыңғы қыздырғышы	Ø 0,75	Ø 1,10

4- В термиялық элементтері бар модельдерде тұтандырғаннан соң қорғаныс механизмін іске қосу үшін, түймешені басқан күйінде тағы да 3–5 секунд ұстап тұрыңыз.

5- Егер түймешені басқаннан соң және оны босатқаннан кейін тұтанбаса, түймешені басып 15 секунд ұстап тұруды қайталаңыз.

6- Қажетті жалын мөлшерін реттеп алыңыз.

7- Тамақ дайындап болғаннан соң духовканы өшіру үшін, реттегішті жоғарғы нүктеге қарай сағат тілінің бағытымен бұрыңыз.

Тауықты айналдыру (опция)

- Егер сіздің құралыңыз тауықты айналдыруға арналған аксессуарлармен жабдықталған болса, тауық сол арқылы өтетін шампурдың v-тектес тетіктерін бекітетін бұрандаларын босатыңыз. Бұдан соң тауық v-тектес тетіктердің көмегімен реттеліп бекітіледі, бұрандасы қатайтылады.
- Шампурдың артқы жағындағы бакелитті тетігі оны қолайлы тасымалдауды қамтамасыз етеді. Дайындау кезінде осы тетікті алып тастау қажет.
- Шампурдағы тауықтың салмағы 2,5 кг-нан аспауы тиіс.



Электрлі духовканы пайдалану

Электр духовкасының жұмыс режімдері қызметтерін реттегіш арқылы таңдалады. Температурасын реттеу температурасын реттегішпен орындалады. Духовканың барлық қызметтері тиісті реттегішті өшіру қалпына (жоғары жаққа) келтірген кезде кезде өшеді.

1. Духовканың дайындау уақытына таймерді орнатыңыз, Духовканың таймерін пайдалануды қараңыз

2. Температурасын реттегішті қажетті жұмыс режіміне орнатыңыз.

3. Қызметін реттегішті қажетті жұмыс режіміне орнатыңыз.

<< Духовка орнатылған температураға дейін қызады да, соны сақтап тұратын болады. Қызған кезде температураның шамы жанады.

Электрлі духовканы өшіру

Духовканың таймерін өшірілген жағдайда келтіріңіз.

- Таймерді белгілі бір уақыт кезеңіне орнатқан кезде таймер автоматты түрде өшіп қалады, Духовканың таймерін пайдалануды қараңыз.

Қызметін және температурасын реттегішті өшіп тұрған (жоғары қараған) жағдайға келтіріңіз.

Жұмыс режімі

Осы жерде көрсетілген жұмыс режімдерінің кезектілігі сіздің духовкаңыздың моделіне қарай басқаша болуы мүмкін.

Үстіңгі және астыңғы қыздырғыш



Үстіңгі және астыңғы қыздырғыш қосылып тұр. Өнімдер астында да және үстінде де бір мезгілде қызып тұрады. Мысалы кекс, бәліштер үшін немесе

ыдысқа салынып пісірілетін кекстер және бұқтырылған тағамдар үшін қолайлы. Бір қаңылтыр табақты пайдаланып дайындаңыз.

Төмен + жоғары + турбожелдеткіш (опция).



Төмен + жоғары + турбожелдеткіш қыздыруы қосылып тұр. Турбоқозғалтқыштарды пайдалану кезінде өнімдер барынша біркелкі қызады.

Мысалы кекстер, йогурт, бәліштер үшін немесе ыдысқа салынып пісірілетін кекстер және бұқтырылған тағамдар үшін қолайлы. Бір қаңылтыр табақты пайдалана отырып дайындаңыз.

Үстіңгі қыздырғыш



Тек қана үстіңгі қыздырғышы қосылған. Мысалы, үстіңгі жағы жылтыраған кекстер үшін және сыртқы қабатын барынша жоғарыдан алу қажет болған тағамдар үшін қолайлы.



Астыңғы қыздырғыш

Тек қана астыңғы қыздырғышы қосылған. Мысалы, пиццалар және сыртқы қабатын барынша төменнен алу қажет болған тағамдар үшін қолайлы.



Гриль (опция)

гриль жұмыс істеп тұр (духовканың үстіңгі қабырғасының астыңғы жағында). Гриль етті дайындау үшін қолайлы.

- Грильде дайындау үшін бөлшектелген кесек еттерді грильді үстіңгі жағындағы қыздырғышы бар сөреге орналастырыңыз.
- Ең жоғарғы температураны орнатыңыз.
- Дайындаудың жарты уақыты өткеннен соң кесек еттерді аунатыңыз.

Күшті гриль (опция)



Гриль жұмыс істеп тұр (духовканың үстіңгі қабырғасының астыңғы жағында). Гриль етті дайындау үшін қолайлы.

- Грильде дайындау үшін бөлшектелген кесек еттерді грильді үстіңгі жағындағы қыздырғышы бар сөреге орналастырыңыз.
- Ең жоғарғы температураны орнатыңыз.
- Дайындаудың жарты уақыты өткеннен соң кесек еттерді аунатыңыз.

Турбо қозғалтқыш (опция)



Турбоқозғалтқыштың қызметін еріту үшін пайдалануға болады.

Турборезистор + турбожелдеткіш (опция)



Турборезистор және турбоқозғалтқыш қыздырғышы қосулы. Турбоқозғалтқышты пайдалану кезінде тағамдар біркелкі қызады. Мысалы кекстер, йогурт, бәліштер үшін немесе ыдысқа салынып пісірілетін кекстер және бұқтырылған тағамдар үшін қолайлы. Бір қаңылтыр табақты пайдалана отырып дайындаңыз.

Гриль + тауықты айналдыру (опция)



Грильмен және тауықты айналдыруға арналған қозғалтқышпен бірге дайындауға болады.

- Грильде біркелкі қуырылуын және шампурға шаншылған еттің, тауықтың және басқаларының біркелкі дайындалуын қамтамасыз етеді.
- Ең жоғарғы температураны орнатыңыз.

Қатты гриль + турбожелдеткіш (опция)



Күшті қыздырғыш гриль (үстіңгі және астыңғы резистор) және турбоқозғалтқыш қосылған. Турбоқозғалтқышты пайдалану кезінде өнімдер біркелкі қызады. Тамақтарды ыдысқа салып дайындауға жарамды. Бір қаңылтыр табақты пайдаланып дайындаңыз.

Духовканың таймерін пайдалану



1-Модель

МЕХАНИКАЛЫҚ ТАЙМЕР (1-модель)

1-ші модельдегідей таймер болған жағдайда:

Уақытын реттегішті айналдыра отырып, дайындау уақытын реттеңіз.



2-Модель

ТАЙМЕР-АНАЛОГ (2-модель)

1 – УАҚЫТЫН БАПТАУ

Уақытын баптау үшін түймешеге басыңыз және басып ұстап тұрған күйде сағат тіліне қарсы бағытқа бұрыңыз.

2 – ДАЙЫНДАУ УАҚЫТЫН БАПТАУ

Дайындау уақытын таймер-аналогтың көмегімен 180 минутқа дейін реттеуге болады. Уақыты аяқталғаннан соң зуммер баптаулары автоматты түрде іске қосылады. Жұмыс істеп тұрған зуммерді өшіру үшін, оған баспай реттегішті қайтадан сағат тіліне қарсы бағытқа бұрыңыз және экранда сурет түрінде бейнеленген қолдың белгісі пайда болғанға дейін айналдыруды жалғастыра беріңіз. Осы жағдайда зуммер өшеді.

Сандық таймер (3-модель)





3-Модель

Сандық таймер – ол духовкаға өзіңіз қалаған уақытқа орналастырған тамақтың дайын болуын қамтамасыз ететін электрондық модуль. Ол үшін сізге қажеттісі – тағамды дайындау уақытын және тағамның дайын болу уақытын бағдарламалау.

Бұдан өзге ол духовкадан тыс зуммер минуттары бойынша бағдарламалаушы ретінде де пайдаланылуы мүмкін.

ЖЕЛІГЕ ҚОСУ КЕЗІНДЕ

Электр қуаты жеткен кезде экранда сағат және «auto» жазбасы жыпылықтайды. Осындай жағдайда қандай да бір дайындау бағдарламасын орындау мүмкін емес. Экранда көрсетіліп тұрған уақыт дұрыс емес, сағатты түзету керек (сағатты баптауды қараңыз). Дайындау бағдарламасын орындау үшін қолмен реттеу режіміне өту керек (қолмен реттеу режімін қараңыз).

ҚОЛМЕН РЕТТЕУ РЕЖІМІ



Қолмен реттеу режиміне →| түймешелерін жүзеге асырылады

|← өту және басумен бір мезгілде

САҒАТТЫ ТҮЗЕТУ

Сағатты түзету қандай да бір қолданыстағы дайындау бағдарламасы болмаса да орындалуы мүмкін. Қолмен реттеу режіміне өтіңіз. Экрандағы сағат пен минуттың арасындағы қос нүкте жыпылықтай бастайды, көмегімен сіз сағатты алдыға немесе артқа жылжыта аласыз. Осы түймешелерге ұзақ уақыт басып тұру сағаттың тез ауысуын қамтамасыз етеді.

1) Қолмен басқару режиміне өтіңіз	2) (+) немесе (-) түймешелердің көмегімен сағатты түзетіңіз	3) 5 секундтан соң экран анықталады.







ЗУММЕРДІҢ МЕРЗІМІН БАПТАУ

Осы қызметтің көмегімен сағат зуммерін белгілі бір уақыт ішінде іске қосылуын баптауға болады.



1- Зуммерді баптау режімін таңдаңыз.	2- (+) немесе (-) түймешелерінің көмегімен уақыт кезеңін енгізіңіз. (мысалы: 5)	3) 5 секундтан соң экран анықталады.

ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰРҒАН ЗУММЕРДІ ӨШІРУ



1) Бапталған уақыт аяқталғаннан соң зуммер іске қосылады.	2) Түймешеге баса отырып , сіз зуммерді тоқтата аласыз.

АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ ДАЙЫНДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

егер сіз бірден тамақ дайындауды бастағыңыз келсе, жай ғана дайындау уақытын енгізіңіз.

Мысалы: біз тамақты духовкаға орналастырдық және ол 2 сағат 15 минутта дайындалғандығын қалаймыз.



1) Қазіргі уақыт 18:30 4

2) Уақытты баптау режіміне өтіңіз





3) (+) немесе (-) түймешелерінің көмегімен мерзімін енгізіңіз.

4) Бірнеше секундтар өткеннен соң экранда қазіргі уақыт пайда болады және тамақты дайындауды көрсеті режіміне қайтып келеді.



Біз енді тағамды духовкада дайындау уақытын 2 сағат 15 минутқа бағдарламалап қойдық. Духовканың басқа да реттегіштерін өзіңіз қажет еткен дайындау қызметі мен температурасына келтіруді ұмытпаңыз.



Ескерту: Дайындау бағдарламасын таңдау кезінде немесе осындай бағдарламамен жұмыс істеу кезінде, сіз қолмен реттеу режіміне өтіп, бағдарламаны тоқтатуыңызға болады.

Жоғарыдағы мысалда тамақ дайындаудың автоматты уақыты, дайындау уақытын енгізгеннен соң бірден басталып кетті. түймешесіне баса отырып, сіз тамақтың қашан дайын болатын уақытын (дайындалып болған жағдайда осы уақытты реттей →| бітуін) көре аласыз, сондай-ақ қажет аласызТөменде келтірілген мысалда тамақты дайындау уақыты 21:30-ға бапталады.



1- Дайындауды аяқтау уақыты көрсетіледі 18:30 + 2:15 = 21:30.	2- (+) немесе (-) түймешелерінің көмегімен сіз дайындауды аяқтау уақытын баптай аласыз	2- Бірнеше секундтардан соң экран сағатты көрсету режіміне қайтып келеді.

Біз енді тамақты дайындау уақытын 21:30-ға бағдарламалап қойдық. Біз тамақтың дайындалу уақытын 45 минутқа ертерек бағдарламаладық. Бұл жағдайда духовка 19:15-те дайындауды бастайды, тамақ дайындау 2 сағат 15 минутқа созылады, және 21:30-да тамақты әзірлеу рәсімдері аяқталады.



Тамақты дайындау басталған уақытты көрсететін экран	Тамақты дайындау аяқталған уақытын көрсететін экран

Тамақ дайындау бағдарламасы аяқталғаннан соң зуммер сигналы қосылады, ол егер оны өшіріп тастамаған жағдайда 7 минутқа созылатын болады.

1) Духовканы өшіріңіз.	2) Таймерді нөлге келтіріңіз.



Ескертпе: Таймерді қалпына келтірмес бұрын пеш өшіріледі.

Келтірілген мысалда алдымен тамақты дайындау уақыты жүктелді; тамақты дайындауды аяқтау уақыты автоматты түрде есептелді және екінші кезеңде өзгертілді. Сондай-ақ тамақты дайындауды аяқтау мерзімін алдымен жүктеуге болады, бұл жағдайда дайындау уақыты автоматты түрде саналатын болады және оны екінші кезеңде реттеуге болады.

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫН АЖЫРАТЫП ТАСТАҒАН ЖАҒДАЙДА

Қауіпсіздік мақсатында электр энергиясын ажыратып тастаған жағдайда духовка будет жұмысын тоқтататын болады. Бұл жағдайда экранда сағат және “auto” жазбасы жыпылықтап тұратын болады. Осындай жағдайда тамақ дайындаудың қолданыстағы бағдарламасы да ажырайтын болады. Экранда 0:00 пайда болады, сағатты баптау талап етіледі. Алдымен қолмен реттеу режіміне өтіңіз (Қолмен реттеу режімін қараңыз). Бұдан соң + немесе – түймешелірінң көмегімен сағатты түзетуді орындаңыз.

(Ескерту: электр тоғын бірнеше сағатқа ажырату кезінде жүйе оның бастапқы жағдайын сақтап тұрады.)

Ескерту: егер сіз духовканы пайдаланбайтын болсаңыз, оның реттегішін өшіп тұрған жағдайға келтіруді ұмытпаңыз.

«auto» ЖЫПЫЛЫҚТАП ТҰРАТЫН ЖАЗБАСЫ ДУХОВКАНЫҢ ҚАЛЫПТЫ РЕЖІМГЕ ҚАЙТЫП КЕЛУІ ҮШІН ӨШІРІЛГЕНДІГІН БІЛДІРЕДІ

БАЛАЛАРДЫ САҚТАНДЫРУ ҮШІН БҰҒАТТАУ ҚЫЗМЕТІ

Бұл қызмет сіздің духовкаңыздың сағатын дұрыс емес етіп түзетіп тастаудан қорғау қызметін атқарады. Балалардан қорғау үшін бұғаттауды іске қосу кезінде барлық түймешелері қосылмайтын болып қалады. Бағдарлама жұмыс істеп тұрған кезде бұғаттау түймешелерін іске қосқан кезде, бұғаттауды қолмен басқару режімінде іске қосу кезінде түймешелері бұғатталып қалады, сондай-ақ духовка да қосылмай қалады.

Ескерту: Дайындаудың бірде бір бағдарламасы іске қосылмай тұрған кезд,түймешелерін бұғаттауды іске қосу кезінде, қауіпсіздік мақсатында духовка іске қосылмай тұрады. Түймешелерінің бұғаттауын жойған кезде духовка қайта қосылады.



1- Қолмен басқару режімінің түймешелеріне басыңыз да 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз.



2- Экранда кілттің белгісі пайда болады. (Балалардан сақтандыру бұғаттауы іске қосылды)

Ескерту: Бұғаттауды жою үшін, қолмен басқару режімінің түймешесіне 3 секунд бойы тағы басып тұру қажет.

Ескерту: Егер зуммер балалардан қорға режімі кезінде іске қосылып кететін болса, сіз оны қолмен басқару режімінің түймешесіне басып тұру арқылы өшіруіңізге болады. Бұғаттау белсенді күйінде қалатын болады.

САҒАТТЫҢ РЕЖІМІ (12/24 САҒАТ)

Сіз сағатты жұмыс істеу үшін 12 немесе 24 сағатқа баптауыңызға болады



1- Қазір сағат

24- сағаттық режімге бапталған.

(+) түймешесіне басыңыз да 3 секунд бойы ұстап тұрыңыз.



2- Сағат 12-сағаттық режімге бапталған.

Қайтадан 24-САҒАТТЫҚ режімге қайтып оралу үшін, (+) ТҮЙМЕШЕСІНЕ 3 секунд бойы қайталап басып тұрыңыз.

Ескерту: Зауыттық баптаулар: 24-сағаттық режим. Егер сағаттың режімін баптаулар өзгертілген болса, онда электр тоғы ажыраған кезде сағатты түзету ұзақ мерзімге зауыттық баптауларға қайтып келеді.

ЗУММЕРДІҢ ДАУЫСЫН БАПТАУ

Бұл баптаудың көмегімен сіз зуммердің дауысын өзгерте аласыз.

1) (-) ТҮЙМЕШЕСІН БАСЫП ҰСТАП ТҰРА ОТЫРЫП, СІЗ ВЫ бапталған дыбысты ести аласыз.

2) (-) ТҮЙМЕШЕСІН БОСАТЫП ЖӘНЕ ҚАЙТА БАСА ОТЫРЫП, СІЗ дауыс қаттылығы жағынан келесі дыбысты ести аласыз, және оны таңдауыңызға болады. (3 деңгейлі)

3) Енді зуммер сіз таңдаған дыбыс қаттылығында шығатын болады.

Ескерту: Зауыттық баптаулар дауыстың ең қатты шығарылуына бапталған. Егер дауысын баптау өзгертілген болса, онда электр тоғы ұзақ уақытқа ажыраған жағдайда зуммердің баптаулары зауыттық түрге қайтып келеді.

Тамақты дайындауды бастау

Сізге духовканы қосу үшін дайындау режімі мен өзіңізге қажетті температураны таңдау кезінде сондай-ақ уақытын да реттеу керек. Олай болмаған жағдайда духовка қосылмайды.

1. Уақытын реттегішті сағат тілінің бағытымен айналдыра отырып тағамды дайындау уақытын реттеңіз.

2. Тамақты духовкаға орналастырыңыз.

3. Жұмыс режімі мен температураны таңдаңыз, Электрлі духовканы пайдалануды қараңыз,

>> Духовка алдын-ала жүктелген температураға дейін қызады да, осы температураны өзіңіз таңдап алған тамақты дайындау уақыты аяқталғанға дейін сақтайды.

1. Тамақты дайындау уақыты аяқталғаннан соң таймерді реттегіш сағат тіліне қарсы бағытқа автоматты түрде қайтып келеді. Уақыты аяқталғандығын хабарлайтын сигнал беріледі де, электр қуаты ажыратылады.

Егер сіз таймер қызметін пайдаланғыңыз келмесе, реттегішті сағат тілінің бағытына қарсы бағытта қолдың белгісінің бағыты бойынша орнатыңыз.

2. Духовканы таймерді реттегіштің, қызметін және температурасын реттегіштің көмегімен ажыратыңыз.

Духовканы белгіленген уақыт аяқталғанға дейін ажыратыңыз.

Таймерді реттегішті тоқтату нүктесіне жеткенге дейін сағат тілінің бағытына қарсы бағытқа айналдырыңыз.

Тағамды дайындау уақытының кестесі



Духовканың ең төменгі сөресі – 1-ші сөре.

Көрсетілген мәндер зертханалық жағдайларда алынған. Сіздің қажеттілігіңізге сәйкес келетін мәндер, көрсетілген мәндерден өзгеше болуы мүмкін.

Қызметі мен температурасын реттегіштің көмегімен духовканы ажыратыңыз.

Тағам	Ыдыс	Сөре	Температура (°C)	Дайындау уақыты (мин) (мөлшермен)
Қаңылтыр табақтағы кекс	Духовкаға арналған қаңылтыр табақ 24 ... 26 см	2	170–180	25–35
Формада піскен кекс	Кекске арналған форма 18 ... 22 см	1 ... 2	170–180	30…40
Печенье	Духовкаға арналған қаңылтыр табақ	2	170–190	25 ... 35
Кіртілдек қатпарлы қамыр	Духовкаға арналған қаңылтыр табақ	2	180–190	25 ... 35
Тәтті бәліш	Духовкаға арналған қаңылтыр табақ	2	170–180	25 … 35
Бәліштер	Духовкаға арналған қаңылтыр табақ	1 ... 2	200	40 … 50
Ашытқылы қамыр	Духовкаға арналған қаңылтыр табақ	1 ... 2	200	35 … 45
Тоқаштар	Духовкаға арналған қаңылтыр табақ	1 ... 2	180 ... 190	25 … 35
Бәліштер (юфкилерден)	Духовкаға арналған қаңылтыр табақ	1 ... 2	180 ... 190	40 .. 50
Пицца	Духовкаға арналған қаңылтыр табақ	1 ... 2	200 ... 220	15 … 20
Бифштекс	Духовкаға арналған қаңылтыр табақ	1 ... 2		100 ... 110
Қозының саны	Духовкаға арналған қаңылтыр табақ	1 ... 2	15 мин. Макс»	90 ...100
Қуырылған тауық	Духовкаға арналған қаңылтыр табақ	1		60 ... 70
Индейканың бір бөлігі	Духовкаға арналған қаңылтыр табақ	1	25 мин. 220»	180 ... 240
Балық	Духовкаға арналған қаңылтыр табақ	1 ... 2	200	15 ... 25
Мин.макс, » одан соң 150 °C-ты орнатыңыз				

Грильді пайдалану

Ыстық сыртқы беттерінен қолдың күйіп қалуы мүмкін. Грильді пайдаланған кезде духовканың есігін жауып қойыңыз.

Грильді пайдаланған кезде, таймердің реттегішін қолдың белгісіне қарай бұрыңыз (егер ондай бар болса).

Грильді қосу

1) Қызметін реттегішті грильдің таңдалып алынған белгісіне келтіріп орнатыңыз.

2) Одан соң грильдің қажетті температурасын орнатыңыз.

3) Қажет болған жағдайда мөлшермен 5 минут бойы алдын-ала қыздыруды орындаңыз.

>>Температура шамы жанады.

Грильді өшіру

Қызметін реттегішті өшірілген (жоғарыға қарап тұрған) жағдайға келтіріңіз.

Грильде дайындау уақытының кестесі.
Электрлік гриль

Тағам	Сөре	Мангалда дайындау мерзімі (мөлшермен)
Балық	3	30 ... 40 мин*
Бөлшектелген тауық еті	3	40 ... 50 мин
Жаншылған қозы еті	3	25 ... 35 мин
Бифштекс	3	25 ... 35 мин*
Жаншылған бұзау еті	3	25 ... 35 мин*
* қалыңдығына қарай		

6) Күтім жасау және тазалау

Жалпы мәліметтер

Үнемі тазалап отырған жағдайда құралдың қызмет ету мерзімі ұзарады және жиі кездесетін мәселелер азаяды.

- Электр тоғының соғу қаупі!
- Тазалауды бастар алдында, электр тоғы соқпас үшін құралды тоқ көзінен ажыратыңыз.
- Ыстық сыртқы беттері қолды күйдіріп тастауы мүмкін!
- Тазалардан бұрын құралдың суығанын тосыңыз.
- Әрбір пайдаланғаннан соң құралды мұқият тазалау керек. Осылайша құралды келесі жолы пайдаланған кезде тамақтардың қалдықтарының күйіп кетуінен сақтауға болады.
- Құралды тазалау үшін арнайы тазалағыш құралды пайдаланудың қажеттілігі жоқ. Құралды ыдысты жууға арналған жуғыш зат қосылған жылы суға малынған шүберекпен немесе ысқышпен жуып, құрғақ шүберекпен құрғатып сүртіңіз.
- Тазалау толық аяқталғаннан соң тамақты дайындау кезінде шашыраған сұйықтық пен тағамдардың қалдықтары толықтай кетірілгендігіне көз жеткізіңіз.
- Құрамында қышқыл немесе хлор бар тот баспайтын немесе тотықпайтын сыртқы беттеді, сондай-ақ тұтқаларды тазалауға арналған тазалағыш заттарды пайдаланбаңыз. Жұмсақ сабынды шүберекпен және сұйық тазалағышпен (түкті емес) бір бағытта тазалауға тырысыңыз.
- Кейбір ұнтақтар немесе тазалағыш құралдар сыртқы бетті бүлдіріп тастауы мүмкін. Түрпілі ұнтақтарды, тазалағыш кремдерді немесе өткір заттарды пайдаланбаңыз.
- Булайтын тазалағыш құралдарды пайдаланбаңыз.

Басқару панелін тазалау

Панельді және бақылау реттегіштерін дымқыл шүберекпен тазалаңыз да, құрғақ шүберекпен құрғатып сүртіңіз.

- Басқару панелін бүлдіріп алмауға тырысыңыз! Басқару панелін тазалауға арналған бақылау реттегіштерін кетіріп тастамаңыз.

Басқару панелін тазалау

Панельді және бақылау реттегіштерін дымқыл шүберекпен тазалаңыз да, құрғақ шүберекпен құрғатып сүртіңіз.

- Басқару панелін бүлдіріп алмауға тырысыңыз! Басқару панелін тазалауға арналған бақылау реттегіштерін кетіріп тастамаңыз.

Духовканы тазалау

Духовканы тазалау үшін қандай да бір духовкаға арналған тазалағыш құралды немесе арнайы жуғыш құралдарды пайдалану міндетті емес. Ұсынылады



Духовканың есігін тазалау және шешіп алу

Духовканың есігін тазалау үшін түкті тазалағыш құралдарды немесе металл қырғыштарды пайдаланбаңыз, ондай құралдар сырқты бетті тырнап тасауы және әйнегін бүлдіруі мүмкін.



Ішкі әйнегін тазалау үшін, оны көрсетілген бағыт бойынша көтеріңіз.

Тазалауды аяқтағаннан соң әйнектің алдымен төменгі бөлігін, одан соң жоғарғы бөлігін орнатыңыз. Берік қысылғандығына көз жеткізіңіз.



Духовканың есігін шешіп алу

А тетігін 1-суретте көрсетілгендей бағытқа бұрыңыз.

А тетігін 2-ші нөмірлі суретте көрсетілгендей етіп В тетігіне орналастырыңыз.

Есікті бағыт бойынша алға жылжыта отырып, оны 3-суретте көрсетілгендей етіп өзіңізге қарай тартыңыз.

Духовканың шамын ауыстыру

Ыстық сыртқы беттер қолды күйгізуі мүмкін!

1. Духовканың есігін ашыңыз.

Духовканың шамын ауыстырардың алдында құралды электр тоғынан ажырату және электр тоғы соғып кетуін болдырмау үшін құрал суығанша тоса тұру керек.

- Духовканың шамы – ол 300 °C температураға төзімді, арнайы электр шамы. Шамның сипаттамасын білу үшін Техникалық сипаттамалар, 3-бетті қараңыз.
- Духовканың шамын қызмет көрсету орталықтарынан сатып алуға болады.
- Шамның қалпы суреттегі көрсетілгендегіден өзгеше болуы да мүмкін.



Егер сіздің духовкаңызда домалақ шам орнатылған болса,

1. Құралды қуат көзінен ажыратыңыз.
2. Әйнекті қақпағын сағат тіліне қарсы бағытқа айналдыра отырып шешіп алыңыз.
3. Духовканың шамын сағат тіліне қарсы бағытқа бұрап шешіп алыңыз да, жаңасына ауыстырыңыз.
4. Әйнекті қақпағын орнына қойыңыз.

7) Құрал жұмыс істемейді деген мәселені шешуге

Арналған ұсыныстар

- Құралдың айыры розеткаға (жерге қосылған) кірмейді. Айырдың розеткаға қойылғанына көз жеткізіңіз.
- Сақтандырғыш дұрыс жұмыс істемеуі немесе іске қосылып кетуі мүмкін. Сақтандырғыштарды сақтандырғыш салынған қорапта тексеріп алыңыз. Егер сақтандырғыш іске қосылып кетсе, оны қайтадан жұмыс істейтін қалыпқа келтіріңіз.
- Бәлкім желіде тоқ кернеуінің ауытқып тұруы орын алды. Айырды жұлып алыңыз да розеткаға қайтадан тағыңыз.

Жұмыс істеп тұрған кезде духовкадан бу шығады.

- Будың пайда болуы духовканың қалыпты жұмыс істеп тұрғандығын бідіреді. Бұл ақаулық болып саналмайды.

Құралды қыздырған және сутқан кезде металдан дыбыс шығады

- Қыздырған кезде металл бөлшектері қызып кетеді де, дыбыс беруі мүмкін. Бұл ақаулыққа себеп болып саналмайды.

Духовка қызбайды.

- Электр тоғы келмей тұр. Үйде электр тоғының бар екендігін тексеріңіз және қорапта сақтандырғыштардың бар екендігіне көз жеткізіңіз. Қажет болған жағдайда сақтандырғыштарды қайта іске қосыңыз.
- Таймер баптаулары орындалмаған болуы мүмкін. Уақытын реттеңіз немесе қолдың белгісін қолмен орнатыңыз.
- Қызметін және/немесе температурасын баптаулар орындалмаған болуы мүмкін. Қызметін және/немесе температурасын баптаулар орындаңыз.

Духовканың шамы жанбайды.

- Электр тоғы келмей тұр. Үйде электр тоғының бар екендігін тексеріңіз және қорапта сақтандырғыштардың бар екендігіне көз жеткізіңіз. Қажет болған жағдайда сақтандырғыштарды қайта іске қосыңыз.
- Духовканың шамы дұрыс жұмыс істемей тұруы мүмкін. Духовканың шамын ауыстырыңыз.

Егер сізге осы бөлімде берілген ұсыныстардың көмегімен олқылықтарды жою мүмкін болмаған жағдайда, өзіңіз осы құралды сатып алған дилерге немесе сервистік орталыққа жүгініңіз.

Құралды өз бетіңізбен жөндеуге ұмтылыс жасауға тыйым салынады.

8) КЕПІЛДІК

Біз осы электр духовка шкафтарына сатып алу күнінен бастап үш жылдық кепілдік береміз. Егер сіз бұйымды осы нұсқаулыққа сай қолдансаңыз, бірақ бұзылу бәрібір орын алса, ең жақын сервистік орталыққа хабарласыңыз. Кепілдік бойынша қызмет көрсетілуі үшін сатушы сату кезінде міндетті түрде толтыруы керек кепілдік талонымен бірге тұрмыстық құрылғыны сатып алу чегін беру керек. Кепілдік талонын толтыруды талап етіңіз. Әйтпесе, кепілдік бойынша міндеттемелер жарамсыз болады.

Келесі жағдайларда кепілдік қолданылмайды:

- Осы нұсқаулықта немесе кепілдік талонында көрсетілген талаптар бұзылған.
- Духовка шкафы өндірістік мақсаттарда қолданылған.
- Кепілдік мерзімі біткен.
- Сапалы емес орнату, дұрыс емес қолдану орын алды.
- Желінің электр кернеуі духовка нұсқаулығының талаптарына сай емес.
- Духовка шкафы өкілетті емес сервистік бекетте жөндеуден өткен немесе жөндеу кезінде басқа өндірушінің қосалқы бөлшектері қолданылған. Кепілдік мерзімі біткеннен кейін барлық регламенттік жұмыстар, жөндеу және қосалқы бөлшектерді ауыстыру ақылы болып табылады.

Бұйым еуропалық стандарттарға сай өндірілген және сертификаттаудан өткізілген.

CE ISO9001 : 2000 EAC

Бұйымды пайдалану мерзімі — 7 жыл.

Бұл нұсқаулық тұрмыстық кірістірілетін духовка шкафтарының келесі үлгілеріне арналған:

DG-602, DG-603, DG-604, DG-607;

DE-602, DE-603, DE-604, DE-606BL, DE-606IV, DE-607BL, DE-607IV, DE-612IV.

Құрметті сатып алушы,

«MBS» сауда белгісінің өнімін таңдағаныңыз үшін рақмет.

Өндіруші

RE-MA METAL TEKSTIL INS. GIDA SAN. TIC. LTD STI
(РЕ-МА МЕТАЛ ТЕКСТИЛЬ ИНС. ГИДА САН. ТИК. ЛТД СТИ)
АДРЕС: ОРГАНАЙЗ САНАЮ БОЛГЕЗИ 9 КАДДЕ НОМЕР 17, КАЙСЕРИ, ТҮРКИЯ.
МБС СТАРС ГРУП АГ ҮШІН.

Сериялық идентификациялық нөмір

(Кепілдік талонында, мотордағы жапсырмада, қораптағы жапсырмада көрсетілген).

17-07-889562-0001



1 – жыл
2 – апта
3 – бұйымның сериялық нөмірі



CE ISO9001 : 2000 EAC